

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қаласы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҮКІМЕТТЕК ЕМЕС ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Аннотация

Қазақстан Республикасы демократиялық, құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам күрү жолында негізгі идеялар ретінде зан үстемдігі және қоғамның барлық саласында оның басым болуын, жеке адамның құқығы және бостандығы қорғалып отан кепілдік берілуі тиіс. Әрине мемлекеттіліктің құқықтық бағытта дамуын қамтамасыз ететін құқықтық тетік қажет. Сол тетіктердің бірі азаматтық қоғам институттарын құрайтын үкіметтік емес ұйым институттары жатады. Қазіргі жаһандану кезеңінде Қазақстан Республикасы алдыңғы қатарлы мемлекеттер қатарына қосылу үшін құқықтық, әлеуметтік, экономикалық, саяси тұрғыда даму қажет.

Тірек сөздер: конституция, конституциялық құрылыш, азамат, жеке тұлға, құқықтық мемлекет, азаматтық қоғам, құқық, бостандық, үкіметтік емес ұйым.

Ключевые слова: конституция, конституционный строй, гражданин, личность, правовое государство, гражданское общество, право, свобода, неправительственное организация

Keywords: constitution, constitutional order, a citizen, a person, legal state, civil society, rights, freedom

Азаматтық қоғамның бір атрибутының бірі – дамыған қоғамның үшінші секторы болып табылады. Үшінші сектордың әртүрлі мүдделерін білдіретін құрылымдарға Үкіметтік емес ұйымдар жатады /1/. Осыған орай аталған мақаланың тақырыптық атауына келетін болсақ, қазіргі таңда қоғамның есіп өркендеуіне және дамуына жоғарыда аталған, заңды негізде тіркелген, заңды тұлға қатарындағы үкіметтік емес ұйымдардың құқықтық тұрғыда қамтамасыз етілу негіздері қарастырылмақ.

Азаматтық қоғам институттары елімізде ұзақ жылдар жұмыс істеп келеді. Айталақ 1990 жылдардың басында Қазақстанда 300 бен 400-дің арасында үкіметтік емес ұйымдар болса, бүгінгі таңда олардың саны 5 мынға жетіп және аталмыш ұйымдарға мүше адамдар саны көбеюде. Сондай-ақ азаматтық қоғамды қалыптастырып, экология, әлеуметтік саладағы мәселелермен айналысып жүрген ұйымдар да бар. Қазақстандағы үкіметтік емес сектор билік пен халық арасындағы байланыс қызметін атқаратын, көшпіліктің талап-тілектерін жоғарыға жеткізе алатын іргелі ұйымға айналды. Қазір олар тарапынан атқарар және атқарылуы тиіс мәселелер шаш етектен. Ең бастысы, үкіметтік емес ұйымдар өзара ауызбіршілікте, ынтымақтаса жұмыс істесе. /2/

Азаматтық қоғамның басты институттарының бірі болып табылатын қоғамдық-саяси партиялар мен бірлестіктердің, мемлекеттік емес ұйымдардың қызметі мемлекет тарапынан құқықтық нормалардың жүйесін құрайтын нормативтік-құқықтық актілермен қамтамасыз етілуде. Бұл ретте Қазақстан Республикасында дербес мемлекеттілікті қалыптастыру барысында атаптран азаматтық қоғам институттарының қызметтерін құқықтық негізде реттейтін бірнеше заңдар қабылдануда. Мәселен, 1996 жылғы 31 мамырда қабылданған “Қоғамдық бірлестіктер туралы” Қазақстан Республикасының заңы, 2001 жылғы 16 қантарда қабылданған “Коммерциялық емес ұйымдар туралы” Қазақстан Республикасының заңы, 2002 жылғы 15 шілдеде қабылданған “Саяси партиялар туралы” Қазақстан Республикасының заңы және т.б.

Үкіметтік емес ұйым дегеніміз бұл мөлдір таза күйінде қалыптасқан, коммерциялық және коммерциялық емес негіздегі азаматтарға, адамдарға қызмет ететін, мемлекеттік билік органдарымен байланыса қызмет ететін ұйымды айтамыз. Олардың міндеттері тікелей немесе жанама мемлекеттің және қоғамның әлеуметтік экономикалық немесе саяси жағдайын жақсартуға, дамытуға өз ықпалын тигізу болып табылады. Мемлекеттік құрылымдардың қызметінде өздерінің көзқарастарын барлық халыққа маңызды азаматтардың мүддесіне лайықты міндеттерді жүзеге асыру үшін де ұйымдастырылуы мүмкін ұйымдар. Үкіметтік емес ұйымдар тек халықтан билікке емес, қарсы байланыс элементі ретінде пайдаланылуы мүмкін, сол мүмкіншілік арқылы ҮЕҰ саяси жүйенің қалыптасуының, халықтың қабылдау деңгейін анықтауға, объективті мәліметтерін алуға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда мемлекет әлеуметтік жобалар негізінде үкіметтік емес ұйымдарға көмек ретінде даму бағытында мемлекеттік тұжырымдамалар, жобалар тендерлік сипатта жүзеге асырылуда. Жалпы билік халық алдындағы өздерінің міндеттемелерін жартылай болса да ҮЕҰ ға жүктеп, тендерлер, мемлекеттік тапсырыстар арқылы қамтамасыз етуде.

БАҚ деректерге сүйенетін болсақ келесідей бағамда мемлекеттік тапсырыстардың бейнесін сипаттай аламыз: 2003 ж. - 10,7 миллион теңге; 2004 ж. - 9,7 миллион теңге; 2005 ж. - 59,7 миллион теңге; 2006 ж. - 200 миллион теңге; 2007 ж. - 299,028 миллион теңге т.с.с. /3/

Мәліметтерге сүйене келе алғашқыда ҮЕҰ қаржыландырылуы аз мөлшерде болса, кейін келе Қазақстан Республикасының үкіметтік емес ұйымдарына қолдау ретінде 2003-2005 жылғы мемлекеттік қолдау бағдарламасы мен 2005 жылғы "Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы" Қазақстан Республикасының заңы күрделі өзгерістерге алып келді. Соның негізінде, 2007 жылы (ЕҚЫҰ) Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтасық ұйымына 2010 жылы Қазақстан төрағалық ету құқығына ие болды.

Қазақстан Республикасында қазіргі таңда жоғарыда айтылып кеткендей елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың тікелей араласуымен азаматтық қоғамды және құқықтық мемлекетті қалыптастырудың құқықтық негіздерін және саяси бағытын қалыптастыру үстінде. Оған дәлел – азаматтық қоғамның қалыптасуына ұйытқы болатын 2002 жылы құрылған Қазақстан халықтары Ассамблея, 2004 жылы құрылған Қазақстан Республикасының Президент жанындағы Демократияландыру және азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі ұлттық комиссия мен т.б. мемлекет тарапынан құрылған органдардың қызметтері.

Қазақстан Президентінің бастамасымен дүниеге келген Азаматтық форум бүгінде үкіметтік емес ұйымдардың бірлесіп, ортақ проблемаларын талқылауға арналған алаң және ол үкіметтік емес сектордың дамуына ықпал етіп отырған іргелі шаралардың бірі.

Елімізде азаматтық қоғамды жетілдіру ісі дамыған елдердің бұл саладағы оң тәжірибесіне арқа сүйей отыра, азаматтық қоғамды қалыптастырудың өзіндік бағытын айқындау бағытындағыз. Бүгінде Қазақстанда әртурлі бағыттағы 5820 ҮЕҰ, 3340 қоғамдық қорлар, 1072 заңды тұлғалар

қауымдастыры, 471 ұлттық-мәдени бірлестіктер, 3340 діни бірлестіктер, 40-тан астам конфессия мен деноминациялар, әртүрлі меншік нысанындағы 6646 БАҚ тіркелген және жұмыс істейді. Үкіметтік емес секторды дамыту халықтың әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған қоғамдық институттардың қызметі көбіне мемлекеттік билік органдарымен тең емес бәсекелестік катынастарға түсетінін көрсетіп отыр. Мұндай жағдайда азаматтық қоғам институттары жеңілетін ахуалда болатыны алдын ала белгілі, бұл Қазақстанда үкіметтік емес сектор мен мемлекет арасындағы әлеуметтік әріптестік қагидаттарының іске асырылуын күмәнді етеді. Бұл «САНДЖ» орталығының зерттеулерімен дәлелденеді. Оның деректері бойынша респонденттердің 36%-ы ҮЕҰ-ның мемлекеттік органдардың қандай да бір шешімдер қабылдаудың әсерінің төмендігін және 8%-ы ҮЕҰ-ның шешімдер қабылдауға әсер етпейтінін атап етеді.

Екінші. Әлеуметтік маңызды және өзге де проблемаларды шешу кезінде мемлекет пен қоғам арасындағы «көрі байланыс» тетігі әзірленбеген. Осының салдарынан азаматтардың көптеген қоғамдық маңызды мәселелерді талқылауға қатысуының шектелуі сақталады./4/

Азаматтық қоғамды орнату процесінде бір жағынан мемлекеттік органдардың, екінші жағынан – саяси партиялардың, қоғамдық бірлестіктер мен үкіметтік емес ұйымдардың, халықтың әртүрлі әлеуметтік жіктері мен топтарының күш біріктіруі қажет. Азаматтық процессте күтілетін әсер елдің қоғамдық-саяси өміріндегі барынша маңызды мәселелерді демократиялық әдістерімен бірлескен сектор аралық шешімдер арқылыға ғана қол жеткізіледі.

Қазіргі кезеңде елімізде Үкіметтік емес ұйымдардың мемлекеттің қолдауының өмір сүруі өте қыын. Үкіметтік емес ұйымдардың көш басшыларының арасында сұрау салу барысында олардың 24 пайызы грант берушілерсіз ұйымдардың өмір сүре алмайтындығын айтқан болса, ал 40 пайызы грантсыз өмір сүру олардың ұйымдары үшін қыынға соғатындығын мойындаған болатын. Сондықтан да, мемлекеттік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдаудың тетіктерін жасап, нормативтік құқықтық актілерді әзірлеп, қабылдап, орындалуын қамтамасыз ету қажет. Бұл өз кезегінде елімізде азаматтық қоғамды дамытуға үлкен септігін тигізеді.

ӘДЕБІЕТ

1. Бусурманов Ж.Д. Евразийская концепция прав человека: Монография. – Алматы: КазГПОУ, 2006. – 481 с.
2. Нысанбаев А.Н. О направлениях и формах взаимодействия институтов гражданского общества с государственными органами в Республике Казахстан. Проблемы формирования гражданского общества в Казахстане: Сборник материалов научно – практической конференции. – Алматы, 2002. – С. 12-23.
3. Неправительственные организации. Для чего они возникли в нашей стране? Какую роль играют в обществе? Как к ним относится население страны? Мы попытались это выяснить, исходя из социологического исследования ОФ "Информационно-ресурсный центр". <http://articles.gazeta.kz>
4. Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамытудың тұжырымдамасын іске асыру. <http://www.ipd.kz/>
1. Busurmanov Zh.D. Evrazijskaja koncepcija prav cheloveka: Monografija. – Almaty: KazGJuU, 2006. – 481 s.
2. Nysanbaev A.N. O napravlenijah i formah vzaimodejstvija institutov grazhdanskogo obshhestva s gosudarstvennymi organami v Respublike Kazahstan. Problemy formirovaniya grazhdanskogo obshhestva v Kazahstane: Sbornik materialov nauchno – prakticheskoy konferencii. – Almaty, 2002. – S. 12-23.
3. Nepravitel'stvennye organizacii. Dlja chego oni voznikli v nashej strane? Kakuju rol' igrajut v obshhestve? Kak k nim otnositja naselenie strany? My popytalis' jeto vyjasnit', ishodja iz sociologicheskogo sledovaniya OF "Informacionno-resursnyj centr". <http://articles.gazeta.kz>
4. Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамытудың тұжырымдамасын іске асыру. <http://www.ipd.kz/>

Резюме

В статье рассматривается правовое положение неправительственных организаций и взаимосвязь НПО как института гражданского общества с государством. А также дается анализ развитию НПО институтов гражданского общества для построения демократического, социального и правового государства в Казахстане.

Resume

This article discusses the legal status of non-governmental organizations and the relationship of NGOs as civil society institutions and the state. It also provides an analysis of development civil society institutions the NGO for building a democratic, social and legal state in Kazakhstan.

А.Б. СМАНОВА

Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшилік құқық кафедрасы доценті, з.е.к.Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы қаласы